

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
КОМИТЕТІНІҢ ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 22 сәуір

Отырысты комитет төрайымы Б.С. ӘЙТІМОВА жүргізді

ТӨРАЙЫМ. Құрметті комитет мүшелері! Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің отырысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Күн тәртібі алдарыңызда. Кімде қандай пікір бар, бекітеміз бе?

ОРНЫНАН. Бекітеміз.

ТӨРАЙЫМ. Бекітілді.

Күн тәртібі бойынша «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде баяндамашы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Биғари Рүстем Айдарбекұлы, қосымша баяндамашы комитет мүшесі Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы.

Сөз сізге, Рүстем Айдарбекұлы.

БИҒАРИ Р.А. Құрметті Бірғаным Сарықызы! Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2000 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалын ашу жөнінде бастама көтерді.

Сол жылы 9 қазанда Ресей Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға жасаған сапары кезінде Филиалдың құрылуы туралы хаттамаға қол қойылды. Филиал осы уақытқа дейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында қызмет етуде.

Қазақстандық Филиалдың қызметін одан әрі заңнамалық тұрғыда бекіту мақсатында 2017 жылғы 9 қарашада Челябинск қаласында өткен Қазақстан мен Ресей арасындағы XIV өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімге қол қойылды.

Осы келісім филиалдың жұмыс істеуін реттейді.

Филиалда оқыту Мәскеу мемлекеттік университетінің оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Сонымен бірге келісімде Қазақстанның жоғары оқу орындарында көзделген көлемде Қазақстан тарихы мен қазақ тілін міндетті түрде оқыту қарастырылған.

Бұдан басқа, оқу жоспарларында Қазақстан экономикасының

ерекшеліктері ескеріледі. 1 және 2 курстарында Қазақстанды жаңғыртудың өзекті мәселелері туралы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклы оқытылады.

Қазақстан филиалдың қызметіне мүлікті өтеусіз беру, және білім гранттарын бөлу арқылы қатысады. Филиал мүлкі ешкімге бере алмайды, оның қызметі аяқталған жағдайда мүлік Қазақстанға қайтарылады. Жыл сайынғы қабылдау жоспары 125 студент және 40 магистрантты құрайды. Бүгінде филиалда 605 студент білім алуда.

Филиал жеке заңды тұлға болып табылмайды, сондықтан Мәскеу университетінің лицензиялары мен аккредитациясы негізінде жұмыс істейді. Осыған байланысты келісімде филиалдың білім беру және қаржы-шаруашылық қызметін бақылау үшін ведомствоаралық комиссиясы көзделген. Филиал қызметі 3 жылда бір рет тексеріледі. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де тексерулер өткізуге болады.

Бұдан басқа, келісімнің 12-бабы жеке хаттама арқылы өзгерістер енгізу мүмкіндігін көздейді. Бұл өзгерістер келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Оқуды сәтті бітірген студенттерге Мәскеу мемлекеттік университетінің дипломы беріледі. Оқу процесіне қатысатын 390 профессор мен оқытушының 130 бас университеттен тартылады,

14 жыл ішінде 1725 маман даярланды. Мониторинг нәтижелері бойынша соңғы 5 жылда 93 пайызы Қазақстанда жұмысқа орналасқан немесе оқуын жалғастыруда. 45 пайызы министрліктер мен ведомстволарға, жетекші компаниялар мен елдің басқа да ұйымдарында жұмыс атқаруда.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиал түлектерінің міндетті түрде жұмыс өтеу қажеттілігі келісімде бекітілген.

Құрметті депутаттар! Бүгін сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіліп отыр.

Осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАЙЫМ. Рақмет.

Рүстем Айдарбекұлына кімде қандай сұрақтар бар, комитет мүшелері?

Мұрат Бақтиярұлы.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. МГУ біздің кезінде қолымыз жетпеген жоғарғы оқу орны ғой, оқи алмадық, мүмкіндігіміз болмады. Сондықтан да оның филиалды ашу - жақсы, үлкен мәселе, біз құптаймыз.

Бір студентке жылына қанша қаржы бөлеміз?

БИҒАРИ Р.А. Қазіргі таңда бір жылға 1 миллион 690 мың теңге

бакалаврларға, 1 миллион 790 мың теңге магистранттарға.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Жақсы. Осыған байланысты сұрақ. Мысалы, бізде ұлттық университеттерге, оның ішінде Ерлан Бәтташұлының университетіне біз жылына бір студентке 635800 теңге ғана төлейміз. Москваның филиалына қарағанда үш есе төмен төлейміз. Басқа ұлттық емес университеттерге, облыстарда орналасқан университеттерде бір студентке жылына мемлекеттік гранттың құны 443300 теңге ғана, бес есе төмен. Енді осыдан келіп сұрақ туады. Ашылуына менің еш қарсылығым жоқ, қолдаймын. Дегенмен де өзімізде қазақстандық ұлттық университеттерді біз дамытпаймыз ба? Әзірге үш университетті дамытуға болады ғой. Біз ақшаны сыртқа береміз, ал өзімізге келгенде еш нәрсе бермейміз. Ондағы мұғалімдердің айлығы мынаған қарағанда үш есе төмен. Мысалы, Ерлан Бәтташұлының университетінде, Ұлттық университетте істеп жатқан профессордың жалақысы көп болса 150 мың теңге, ғылым кандидатының айлығы ары кеткенде 120 мың теңге. Біз олардан қандай сапа талап етеміз?

ТӨРАЙЫМ. Жауап бар ма?

БИҒАРИ Р.А. Қазіргі таңда 300 мың ұлттық университеттерде. Қазақстанда қазір 130 университет бар. Сол себепті біз, министрлік қазір сапасын қарап жатыр. Баға туралы бөлек жазбаша түрде жауап берейік, рұқсат болса.

ТӨРАЙЫМ. Кто из Департамента высшего образования?

ОРНЫНАН. (МИКРОФОНҒА ЕМЕС).

ТӨРАЙЫМ. Речь идет же о высшем образовании. У меня записано, что будет Норбекова. Почему она не пришла?

ОРНЫНАН. (МИКРОФОНҒА ЕМЕС).

ТӨРАЙЫМ. Можно, конечно. Вообще, этот вопрос мы можем снять с повестки дня, раз никого нет. Также можем предложить снять этот вопрос с повестки дня Сената, сказав, что докладчики не в полном составе и не смогли ответить на вопросы.

Рустем Айдарбекович, Вы же не ведете высшее образование?

БИҒАРИ Р.А. Нет. Не веду. Я веду вопросы международного сотрудничества.

ТӨРАЙЫМ. А вопрос задан по высшему образованию.

БИҒАРИ Р.А. Касательно Московского государственного университета я хотел бы отметить следующее.

Обучение в головном филиале, в Москве, стоит порядка 2 миллионов 600 тенге, мы же обучаем в казахстанском филиале практически на 40 процентов дешевле.

Основная идея открытия филиала и вопросы, которые мы обсуждаем именно о филиале, поэтому цена, которую сегодня Казахстан платит (1 миллион 690 тысяч тенге) будет включать в себя оплату коммунальных,

содержание здания, то есть она не включает...

ТӨРАЙЫМ. Это Евразийский университет.

ОРНЫНАН. (МИКРОФОНҒА ЕМЕС).

БИҒАРИ Р.А. Действительно, по сегодняшний день филиал существует по протоколу, который подписан в 2001 году, где записано, что на базе Евразийского университета. Именно для того, чтобы Евразийский университет не нес свои затраты и издержки, в соглашении норма о том, что отдельное здание...

ТӨРАЙЫМ. Поэтому стоимость гранта у нас уменьшена?

БИҒАРИ Р.А. Да.

ТӨРАЙЫМ. Вопрос остался открытым. До завтрашнего дня, пожалуйста, пусть вице-министр или директор департамента по высшему образованию зайдет к нашему депутату и ответит на тот вопрос, который только что был задан. Ответа на этот вопрос нет.

Пожалуйста, Серик Бектурганов, Вам слово.

БЕКТҮРҒАНОВ С.Ш. Рустем Айдарбекович, суть вопроса была не в том, что много. Суть вопроса в том, когда у нас будет подниматься сумма грантов. Наверное, может быть, и больше нужно было бы платить, потому что здесь же вопрос и в заработной плате, Вы слышали, коллега задавал. В связи с этим в том письменном ответе, который будете готовить, еще подготовьте пару абзацев, на основании каких документов разная стоимость грантов за граждан Казахстана.

ТӨРАЙЫМ. Құрметті комитет мүшелері, сұрақтарыңыз бар ма?

Нариман Төреғалиұлы.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Мен өз басым келісімді қолдаймын, менің мынадай сұрағым бар. Рустем Айдарбекұлы, жалпы филиалдың қаражаты, барлығы біздің мемлекет арқылы жүріп жатыр. Жаңа сіз айттыңыз ғой қазақ тілін оқытамыз деп, осыған байланысты болашақта осы филиалда қазақ тілінде оқыту қарастырылады ма? Біздің талантты балалармыз осындай оқу орындарында оқи алмай қалмай ма деген сұрақ бірінші сұрағым.

Екінші сұрағым. Второй вопрос, наверное, к Вам, Александр Владимирович. Сколько...

ТӨРАЙЫМ. Александр Владимирович Сидорович - директор Казахстанского филиала МГУ.

Приветствуем Вас на нашем заседании. Рада Вас видеть.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. 1 миллион 690 тысяч тенге на одного обучающегося по гранту, что туда входит? Коммунальные услуги входят или нет? Это первый вопрос.

Второй вопрос по преподавательскому составу, сколько процентов казахстанских, сколько процентов российских преподавателей?

ТӨРАЙЫМ. Хорошо, начнем с замминистра.

БИҒАРИ Р.А. Казахстанские компоненты в данном вузе преподаются

в том же объеме, как и в казахстанских вузах.

Мы проводили мониторинг. Например, в филиале МГУ история Казахстана преподается на уровне 108 часов, в казахстанских вузах - 90 часов. То есть налицо выше.

Казахский язык в зависимости от специальности, математика, прикладная математика, логика и филология - от 5 до 7 кредитов, или 180-252 часа, в казахстанских вузах - порядка 90 часов.

Мы мониторили их учебные программы (они доступны на сайте), мы сравнивали их с казахстанскими вузами. То есть тот объем они выдерживают.

ТӨРАЙЫМ. Ясно.

Александр Владимирович, пожалуйста.

СИДОРОВИЧ А.В. Я очень благодарен, что за время работы мне пришлось не просто познакомиться, встретиться, а вместе работать с замечательными людьми, которые внесли и вносят огромный вклад в развитие нашей страны – Казахстана. Я считаю себя тоже казахстанцем.

Уважаемые коллеги, по поводу того, из чего состоит стоимость гранта. По порядку обучения предусмотрено, что наши студенты на старших курсах обучаются в МГУ (Москва). В частности, мехмат и ВМК обучаются в МГУ последние два года, другие направления и специальности - последний год. Там же они защищают дипломные работы на Государственной комиссии МГУ. Эквивалентный диплом получается.

Стоимость в МГУ, как справедливо было отмечено, например, в этом году 390 тысяч рублей. То есть мы не можем установить стоимость меньше, чем эта сумма. Это первое.

Второе. В стоимость включается командирование тех преподавателей, которые закрывают базовые курсы и специальные курсы, которыми не можем обеспечить в Казахстане. Таких командировок в течение года 130 и даже чуть больше, в зависимости от специальности и направлений.

Третье - оплата преподавателям, которые наши. Наши преподаватели получают оклады, соразмерные с преподавательскими окладами казахстанских вузов. И приезжающие из Москвы соразмерно получают. Мы не получаем 1000 евро.

Есть правила: работающие у нас должны соответствовать...

Студентам, которые обучаются в Москве, поскольку мы их туда отправляем, оплачивается дорога, общежитие, социальная страховка.

Если бы эти студенты ехали по программе «Болашақ», то, по нашим подсчетам, они получали бы примерно в 1,8-2 раза выше, чем в МГУ. То есть это абсолютно эффективный экономический проект. А если сюда добавить, что по конкурсу в МГУ оплачивается из бюджета российской стороны, то для граждан Казахстана финансирование идет за счет бюджета. Почему они выдержат конкурс? Потому что у них знания, адекватные выпускникам вузов.

По поводу структуры преподавателей. В целом в учебном процессе

задействовано 390 человек. Я имею в виду руководителей в Москве, курсовые и дипломные работы. 130 человек приезжают в командировки в течение года. Это известные преподаватели, которые являются гражданами Казахстана, работают у нас постоянно, их порядка 50 человек.

Таким образом, эти преподаватели, которые постоянно работают на условиях, которые тоже свойственны казахстанским коллегам. Тем самым мы закрываем учебный процесс.

Проблем, конечно, много, но главное, мы не можем подвести доверие нашего Президента, мы обязаны обеспечить качество Московского университета.

ТӨРАЙЫМ. Рақмет.

Динар Жүсіпәліқызы, сөз сізге.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Рустем Айдарбекович, в целом проект закона я поддерживаю. Очень отрадно, что в нашей стране имеется такой замечательный филиал МГУ.

У меня вопрос такого характера. Студенты, поступившие в филиал МГУ, обучаются только по государственному заказу или желающие, кто хочет обучаться платно, имеют право на это? Хотелось бы знать, какую стипендию получают студенты? Это первый вопрос.

Второй вопрос. Глава государства при вручении дипломов в «Назарбаев Университете» выпускникам вузов обозначил, что наши специалисты, закончившие «Назарбаев Университет», не должны быть только хорошими специалистами, они должны быть хорошими работодателями в будущем. Что Вы скажете на этот счет? Делали ли мониторинг, анализ, сколько выпускников данного вуза и филиала на сегодняшний день являются работодателями?

ТӨРАЙЫМ. Жауап беріңіз.

БИҒАРИ Р.А. По размеру стипендий. Стипендия стандартная, как и для казахстанских вузов. На сегодняшний день в филиале из 605 студентов 53 студента поступили на платной основе.

Касательно работодателя. Те цифры, которые я обозначил, говорят о том, что действительно много выпускников работает на казахстанскую экономику. Даже в подведомственных организациях Министерства образования и науки, НИИ работают способные молодые ребята. Я лично знаю выпускников, которые открывают свои компании, являются работодателями.

ТӨРАЙЫМ. Есть аналитика на этот счет? Сколько человек на сегодняшний день являются работодателями? То есть для чего обучаем, хвастаемся, что они получили диплом МГУ. Есть такой анализ?

БИҒАРИ Р.А. Мониторинг, являются ли они работодателями, проводили. За последние пять лет мы проводим мониторинг трудоустройства. Они все трудоустроены.

ТӨРАЙЫМ. Передайте Департаменту высшего образования, чтобы они этим вопросом задалась, сделали аналитику. Это нетрудно. Александр Владимирович всех своих выпускников знает наизусть, с ними продолжает работать.

Кімде тағы да сұрақ бар:

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАЙЫМ. Менде бірнеше сұрағым бар. Асығыс түрде беріп отырмын, себебі қосымша баяндамашы 10 минуттан кейін кету керек.

У меня один существенный вопрос по статье 3. Мы предоставляем имущественное право этому университету без права передачи третьим лицам и так далее. Что можете сказать по возврату? Если вдруг когда-то изменится политика, закончатся наши соглашения, тогда университет (филиал) прекратит работать при нашем Евразийском университете, как будет с имуществом? Это первый вопрос.

Второй вопрос по статье 7, по обязательной отработке выпускниками Московского государственного университета на основе нашего национального законодательства. Правильно я понимаю, что они тоже три года будут отрабатывать как выпускники в соответствии с нашим национальным законодательством? Я имею в виду законодательство в области образования.

И два маленьких вопроса к Александру Владимировичу, наверное. С учетом политики Елбасы планируемые предметы по sciens, я имею в виду естественные науки на английском языке... Я знаю, что на русском и казахском языках есть тема, а на английском?

И еще один вопрос по студентам-отличникам. Мы дополнительно что-то оплачиваем или нет, как мы их поощряем?

Пожалуйста, Рустем Айдарбекович.

БИҒАРИ Р.А. Действительно, статьей 3 данного соглашения регулируются вопросы предоставления здания. К сожалению, протоколом, который был подписан давно, регулировалось, что именно на базе ЕНУ. И чтобы обременение с ЕНУ убрать, нагрузку убрать и сделать, чтобы было отдельное здание, именно в соглашение эту норму вставили.

ТӨРАЙЫМ. То есть то, что делается в законе. А так, можно было бы привлечь к ответственности за самостоятельность в этом вопросе, да?

БИҒАРИ Р.А. По госимуществу. Совместно с Комитетом по госимуществу они в настоящее время ищут здание, и в соответствии с законодательством здание не передается, оно остается у нас. По окончании действия договора здание остается у нас.

ТӨРАЙЫМ. То есть имущество не передается, возвращается.

БИҒАРИ Р.А. По второму вопросу. По обязательной отработке в прошлом соглашении говорилось о том, что просто обучаются, но именно этим соглашением мы внесли, что будет отработка три года в соответствии с

казахстанским законодательством. То есть все дети, которые отучились на гранте, должны будут отработать в Казахстане.

ТӨРАЙЫМ. Я поддерживаю.

Пожалуйста, Александр Владимирович.

СИДОРОВИЧ А.В. По английскому языку я говорю своим студентам следующее: если не знаете казахского, не можете выпускаться с филиала. Это мое первое требование.

Второе требование по поводу английского языка. В соответствии со стандартами МГУ четыре кредитные единицы - курс на английском языке. Мы выполняем это правило.

Я думаю, что мы будем вводить включение ряда специальных дисциплин на казахском языке, потому что есть специальная терминология, которая с трудом усваивается, должна нашими студентами перевариваться, потому что они пойдут на работу.

Что касается отличников. Получение красного диплома - главное поощрение, мы считаем. Таких людей в филиале МГУ выпускается в среднем 20 процентов. Считаю, 50 процентов было бы перебором, а 20 процентов надо заработать. Тем более что они сдают госэкзамены и защищают дипломные работы в Москве. Думаю, что большая честь - иметь диплом с отличием. Больше никаких стимулов у них нет.

ТӨРАЙЫМ. Повышенной стипендии, ничего нет?

СИДОРОВИЧ А.В. Ничего.

ТӨРАЙЫМ. Это неправильно. Я считаю, что каждый труд должен оцениваться по тому, как он результативен.

СИДОРОВИЧ А.В. Учтем.

ТӨРАЙЫМ. Надо тогда в нормативные акты включить. В законе этого нет, конечно.

Басқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАЙЫМ. Сұрақтарыңыз болмаса, сөз қосымша баяндама жасау үшін... Ерлан Бәтәшұлы, қосатыныңыз бар ма?

СЫДЫҚОВ Е.Б. Бір-ақ нәрсе. 20 жылдан бері бұл кісілер біздің базада отыр. Коммуналдық төлемдердің барлығын біз төлеп отырмыз. Бұның барлығы мәңгі бола беру мүмкін емес, тез арада бұл кісілерге жеке ғимарат мәселесін шешіп беру керек болмаса бір шешімге келу керек. Само по себе существование филиала МГУ при университете – это не совсем этично и правильно.

ТӨРАЙЫМ. По отношению к МГУ. А по отношению к вам это престиж.

СЫДЫҚОВ Е.Б. Они наши конкуренты.

ОРНЫНАН. (МИКРОФОНҒА ЕМЕС).

СИДОРОВИЧ А.В. Нет. Мы даем другое образование.

СЫДЫҚОВ Е.Б. Здесь правильно сказали, деньги, конечно, большие по отношению к нашим студентам. Снижать нельзя, это уже озвучено. Но за эти деньги, может быть, можно подготовить аспирантов, докторантов, ученых. Бакалавров готовить казахстанские вузы уже научились.

ТӨРАЙЫМ. Перспектива хорошая. Я думаю, что все это нужно учитывать в работе.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз біздің комитеттің мүшесі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловқа беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Құрметті Бірғаным Сарықызы, құрметті әріптестер! Мен қысқа да нұсқа, қайталамай айтайын. Жаңа көп сұрақтарға жауап берілді.

Біріншіден, тәуелсіз Қазақстан мен Мәскеу мемлекеттік университетін өте маңызды оқиғалар байланыстырады, олардың ішінде еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Еуразиялық интеграция жайлы бастамасы. Осы бастама 1994 жылғы 29 наурызда Мәскеу мемлекеттік университетінде айтылған. Ол күннен бері ширақ ғасыр өтті. Сол интеграцияның нәтижесінде Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы 2000 жылы құрылды, 2001 жылы жұмысын бастады. Сол жылдан бері 1725 маман дайындалды.

Жақында, 11 сәуірде Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры Виктор Садовничийді қабылдау барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев филиалдың студенттерге сапалы білім беріп жатқанын және өте табысты жұмыс істеп жатқанын айтты. Көп мәселелердің басын ашып берді деп ойлаймын.

Филиал түлектерінің 93 пайызы Қазақстанда жұмыс істеп жатыр, білікті маман атанып, мемлекеттік басқару саласында, бизнесте, ғылым және білім салаларында жұмыс атқарып жатыр. Бұл филиалдың еліміз үшін тиімділігі жоғары деп ойлаймын.

Филиалдығы оқу Мәскеу мемлекеттік университетінің бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Қазақ тілі мен Қазақстан тарихын оқытуға көп көңіл бөлінетіндігі жайлы жаңа айтылды. 300 сағаттан астам уақыт қарастырылған. Бұл өте жақсы көрсеткіш деп ойлаймын.

2017 жылы Челябинскіде өткен Қазақстан - Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында филиал қызметінің мәртебесі үкіметаралық келісім жасау арқылы айтарлықтай артты. Екі жыл ішінде бұл келісім өзінің тиімділігін көрсетті. Алайда филиалдың жұмысын одан әрі жетілдіру үшін Қазақстанның осы келісімді ратификациялаудың маңыздылығын уақыт көрсетіп отыр.

Бұл мәселені жұмыс тобында зерделеу ратификациялаудың маңыздылығын көрсетті.

Әріптестерім қойған сұрақтармен мен келісемін, әсіресе ғимарат мәселесін біз протоколға жазуымыз керек. Ертең ратификациялау өткеннен

кейін ұмытылып кетпейтіндей Еуразия ұлттық университетінің базасында емес, бұл университеттің бөлек базасы болу керек деп ойлаймын.

Екінші. Әріптестерім айтып кеткен мәселеге мен де қосыла кеткім келеді. Біздің ұлттық университеттердің гранттарының көлемі өте төмен. Гранттары төмен болғаннан кейін жаңағы ғимаратты жөндеу, профессорлардың жалақысы, тағы басқа мәселелер осыдан туындайды. Осыған біздің Білім және ғылым министрлігіміз көңіл бөлуі керек деп ойлаймын.

Осы қадам филиал жұмысының құқықтық жағдайын жақсартуға және реттеуге мүмкіндік береді, оның ішінде мүлікпен және қаржымен қамтамасыз ету реттелетін болады. Осы жылдары реттелмей келе жатқан нәрселердің бәрі реттелетін болады. Осы жылдары реттелмей келе жатқан нәрселердің бәрі реттелетін болады.

Барлық сұрақтарға жұмыс тобының отырысында жақсы жауаптар алынды. Ескертпелерге де жауапты, жаңа айтқандай, ертең жауап береді деген сенімдеміз.

Заң жобасы бойынша комитет мүшелерінен және басқа комитеттерден ескертпелер келіп түскен жоқ. Сондықтан, құрметті әріптестер, осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАЙЫМ. Және пленарлық отырысқа шығару туралы ұсыныс.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Пленарлық отырысқа жіберуді ұсынамын.

ТӨРАЙЫМ. Рақмет. Қосымша баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма, құрметті комитет мүшелері?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАЙЫМ. Онда, Бақытжан Тұрсынұлы мен Ерлан Бәтташұлы, сіздерге жүре беруге рұқсат.

Біздер пікір алмасуға көшеміз. Кім сөз алғысы келеді?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАЙЫМ. Талқылау барысында тек қана бір ұсыныс келіп түсті - заң жобасын қолдап, өзгеріссіз пленарлық отырысқа (25 сәуірде) шығару туралы. Қарсылықтарыңыз болмаса, онда баяндамашы ретінде министр болады деп есептейміз, қосымша баяндамашы Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловты ұсынамын. Қарсылықтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАЙЫМ. Қарсылықтарыңыз болмаса, комитет мүшелері, заң жобасын өткізуге атсалысуларыңызды сұраймын. Осындай шешім қабылданды. Сәттілік тілейміз.

Надеюсь, что на пленарном заседании без каких-либо коллизий данный законопроект будет поддержан. По крайней мере, будем работать совместно, чтобы никаких вопросов не осталось.

Я хотела бы по содокладу предложить, чтобы те вопросы, которые были сегодня озвучены, прозвучали в содокладе.

Осымен, құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып болды. Комитет отырысын жабық деп жариялаймын.

Комитет мүшелері, кетпеңіздер, Бюроның тапсырмалары бойынша мәселелер бар.

Әлеуметтік-мәдени даму және
ғылым комитетінің төрайымы

Б. Әйтімова

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры

С. Теңбаев

ОРЫНДАҒАН:
Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы

И. Шыныбаева